

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*2019 жылдың 11 желтоқсанда жарияланған*

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А. Ұ. Маминге**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің алғашқы Жолдауында: «Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ», «Үкімет көші-қон үдерісін басқару үшін пәрменді шаралар қабылдауы тиіс» деп, нақты тапсырма берген еді.

Еліміздің Еңбек министрі келесі жылға шетелдік жұмыс күшін тарту квоталарын жоспарлай отырып, осы квотаны екі есе қысқартатындығын жариялады. Министрдің айтуынша, бұл шаралар елдің ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында жасалып отыр.

Сонымен қатар, 2019 жылы шетелдік жұмыс күшін шақыру квотасы 49 мың адамды құраған. Бірақ, 2019 жылдың 1 қазанындағы ақпарат бойынша Қазақстанда шетелдік жұмыс күшін шақыруға берілген рұқсаттардың ресми саны 21 мыңға да жетпейді.

Ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда шетелдік жұмыс күшін шақырушы 2396 жұмыс беруші кәсіпорындар тіркеліпті.

Алайда, ресми статистика мен Қазақстанға келіп, нан тауып жүрген шетелдік жұмысшылардың нақты санының айырмашылығы, жер мен көктей екендігі бәрімізге мәлім.

Мысалы, Көші-қон комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2018 жылы Қазақстанға Өзбекстан мен Тәжікстаннан ғана, 551 мың еңбек мигранттары келсе, 2019 жылы бұл көрсеткіш 600 мыңнан асады деп болжанып отыр.

Бірақ, бұл мигранттардың саны Еңбек министрлігінің шетелдік жұмыс күші квотасы бойынша есебінде ескерілмейді. Сондай-ақ, шетел азаматтарының Қазақстаннан сыртқа қанша қаржы шығарғандары жөнінде де ешбір ресми ақпарат жоқ.

Жоғарыда келтірілген еңбек мигранттарының санын ескергенде, шетел асқан қаражат көлемі миллиардтап есептеледі, ал бұл қаржы Қазақстан азаматтарының жалақысы болып еліміздің экономикасында қалар еді.

Сонымен қатар, Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, Ел ішіндегі жасырын жұмыссыздықты есептегенде, жұмыссыз азаматтардың саны 440 мың адамнан асқан.

Бұндай жағдай, уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан еңбек нарығының ахуалына жеткіліксіз көңіл аударғанынан туындап отыр деп есептейміз. Өзіміздің 440 мың азаматымыз жұмыссыз отырғанда, мыңдаған шетелдік еңбек мигранттары олардың орнын басып отыр.

Жұмыссыздықты азайтуға, халықты жұмыспен қамтуға арналған, статистика бойынша жылына мыңдаған жұмыс орнын ашып отырмыз деген мемлекеттік бағдарламаларды іске асырып отырған өкілетті органдарға да сұрақ көп. Егер, бұндай бағдарламаларды әзірлеу барысында рұқсатсыз еңбек етіп жатқан шетелдік азаматтардың шынайы саны ескерілмесе, бағдарлама түпкі мақсатына жете ме, ол да күмәнді.

Шын мәнінде, келіп жатқан заңсыз мигранттардың саны жұмыссыздардың санынан асып отырғандығын ескерсек, бізде жұмыссыздық жоқ, тек бұл саланың тиімсіз басқарылып отырғанды жөнінде қорытындыға келуге болады.

Құрметті Асқар Ұзақпайұлы, осы орайда «Ақ жол» партиясы:

1) Мемлекеттік органдарға, шетелдік жұмыс күшін шақыру бойынша ресми есептерінде, еңбек мигранттарының нақты санын ескерулерін тапсыруыңызды сұрайды.

2) Шетелдік еңбек мигранттары Қазақстаннан шығарған қаражат көлемі туралы толық ақпарат беруіңізді өтінеді, себебі бұл жалақыны қазақстандықтардың өздері алып, шетелге шығармай ел экономикасына құюы тиіс еді.

3) Еліміздің азаматтары еңбек етуге енжар, сондықтан шетел жұмыс күшін пайдалануға мәжбүрміз деген пікірмен де келіспейміз. Қазақ елі қажырлы қайрат пен ерен еңбектің үлгісін тарихта талай көрсеткен. Біздің ойымызша бұл жағдайдың ең алғашқы себебі жалақының төмендігі, ал оның төмен болатын себебі Ұлттық Атамекен палатасының айтуынша Еңбек ақысына салынатын салықтардың көлемі 40 проценттей екен, яғни кәсіпкер өз жұмысшыларына төлейтін ақшасының жарымы түрлі салықтарға кетеді екен. Сол себепті қарапайым азаматтардың жалақысын көтеру мақсатында, шағын және орта бизнестің еңбек ақы қорына салынатын жүктемені азайту мен басқа стимулдарды қарастыруыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,**

**«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары:**

**Б. Дүйсенбинов**

**А. Перуашев**

**Е. Никитинская**

**К. Абсатиров**

**Д. Еспаева**

**Е. Барлыбаев**

**М. Қазбекова**

*орынд.: Ауталипова А.Ж.  
тел.: 74-63-94  
autalipova@parlam.kz*